ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 29 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігінің және Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі мен Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі резиденцияларының мұқтаждықтары үшін Астана қаласы мен Бішкек қаласындағы ғимараттарды және жер учаскелерін өзара өтеусіз пайдалануға беру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігінің және Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі мен Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі резиденцияларының

мұқтаждықтары үшін Астана қаласы мен Бішкек қаласындағы ғимараттар және жер учаскелерін өзара өтеусіз пайдалануға беру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Заң Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Министрлер Кабинеті арасындағы екі мемлекеттің елшіліктерін, сондай-ақ Төтенше және Өкілетті Елшілердің ресми резиденцияларын орналастыру үшін Астана және Бішкек қалаларында ғимараттар мен жер учаскелерін өзара өтеусіз пайдалануға беру туралы келісімді ратификациялауды көздейді.

Келісімге 2025 жылғы 22 тамызда Қазақстан Республикасының Президенті Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлының Қырғыз Республикасына ресми сапары аясында Бішкек қаласында қол қойылды.

Келісімнің негізгі мақсаты екі елдің дипломатиялық өкілдіктерінің, сондай-ақ екі мемлекеттің Төтенше және Өкілетті Елшілерінің ресми резиденцияларының қызметі үшін тиісті жағдайлар жасауға бағытталған.

Құжат Астана және Бішкек қалаларындағы ғимараттар мен жер учаскелерін құқықтық рәсімдеуді көздей отырып, оларды ұзарту құқығымен 49 жыл мерзімге өзара өтеусіз пайдалануға беру мәселелерін реттейді. Атап айтқанда, Қазақстанның Қырғыз Республикасындағы Елшілігіне ауданы 0,75 гектар жер учаскесі, ал Қазақстан Елшісінің резиденциясы үшін жалпы ауданы 531,66 шаршы метр болатын коттедж және оған іргелес 0,17 гектар аумақ бөлінеді. Өз кезегінде Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігіне ауданы 0,74 гектар жер учаскесі, ал Қырғызстан Елшісінің резиденциясы үшін ауданы 1 мың 267,8 шаршы метр көлемінде коттедж және оған іргелес 0,125 гектар аумақ беріледі.

Келісімнің негізгі ережелері берілетін жылжымайтын мүлік объектілерін айқындайды, олардың дипломатиялық мәртебесін бекітеді, аталған мүлікті қабылдаушы мемлекеттегі барлық салықтар мен алымдардан босатуды белгілейді, мүлікті күтіп-ұстауға, ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге, коммуналдық қызметтерді, байланыс пен интернетті және өзге де пайдалану шығындарын төлеу жөніндегі міндеттерді қабылдаушы тарапқа жүктейді, инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және дипломатиялық объектілерді салуға қажетті рұқсат құжаттарын алуға жәрдем көрсету тәртібін ұсынады, тараптардың берілетін мүлікке үшінші тұлғалардың құқықтарының жоқ екендігіне қатысты кепілдіктерін қамтиды, сондай-ақ дипломатиялық өкілдіктердің ғимараттарына меншік құқығын оларды салуды жүзеге асырған тарапта сақтайды.

Осы келісім күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметі арасындағы 2005 жылғы 10 тамыздағы осыған ұқсас келісімнің күші жойылады. Келісім Қазақстан-Қырғызстан қатынастарын дамытудың маңызды элементі болып табылады және екі мемлекет арасындағы өзара сенімнің жоғары деңгейін көрсетеді.

Талқылау барысында Сенаттың тұрақты комитеттері аталған заң бойынша оң қорытындылар ұсынды.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы Қазақстан Республикасының

Қырғыз Республикасындағы Елшілігінің және Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі мен Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі резиденцияларының мұқтаждықтары үшін Астана қаласы мен Бішкек қаласындағы ғимараттарды және жер учаскелерін өзара өтеусіз пайдалануға беру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ғалиаскар Төлендіұлы. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік. Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігінің және Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі мен Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі резиденцияларының мұқтаждықтары үшін Астана қаласы мен Бішкек қаласындағы ғимараттарды және жер учаскелерін өзара өтеусіз пайдалануға беру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері туралы келісімге 2006 жылғы 4 қыркүйектегі Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Сатвалдиев Алишер Гапиржановичке беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері туралы келісімге 2006 жылғы 4 қыркүйектегі Хаттамаға өзгерістер мен толықтыру енгізу

туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Аталған хаттамаға 2024 жылғы 8 тамызда Астана қаласында қол қойылған болатын. Бұл құжат «Сырдария – Мәлік» және «Целинный – Ақ алтын» автомобиль пунктерінің мәртебесін екіжақты мәртебеден халықаралық, яғни көпжақты мәртебеге өзгертуді көздейді. Сонымен қатар аталған өткізу пунктерінің жұмыс істеу тәртібі «жарық уақыт» режимінен «тәулік бойы» жұмыс істеу режиміне ауыстырылады. Бұдан бөлеу хаттамада жоғарыда аталған шекаралық өткелдерді «тек жеңіл автокөлік үшін» деген шектеулі режимнен «жүк-жолаушы» мәртебесіне көшіру көзделеді. Атап айтқанда, «Целинный – Ақ алтын» өткізу пункті жеңіл және бос жүк көлік құралдарының, сондай-ақ ірі көлемді және ауыр салмақты жүктер мен тауарлардың жүруі үшін пайдаланылатын болады. Ал «Сырдария – Мәлік» өткізу пункті тек жеңіл және бос жүк көлік құралдарының жүруіне пайдаланылатын болады. Осы өткізу пунктінде жүктер мен тауарларды коммерциялық мақсатта өткізу көзделмейді.

Жалпы аталған шаралар өткізу пунктерінің өткізу қабілетін арттыруға, жолаушыларға қолайлы жағдай жасауға және туризмнің дамуына оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар бұл өзгерістер екі ел арасындағы көлік-транзиттік қатынастарды одан әрі дамытуға өз үлесін қосады деп сенеміз.

Құрметті әріптестер, заңның тұжырымдасы бойынша Сенаттың тұрақты комитеттерінен ұсыныстар мен ескертпелер түскен жоқ.

Жоғарыда баяндалғаның негізінде Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес талқылаудағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері туралы келісімге 2006 жылғы 4 қыркүйектегі Хаттамаға өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, Алишер Гапиржанович. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік. Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері туралы келісімге 2006 жылғы 4 қыркүйектегі Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған әріптестерге рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі екі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді («Экономиканың инклюзивті және орнықты өсуі» даму саясатын қаржыландыруға арналған екінші қарыз) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасы мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестиялар Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Инклюзивті және орнықты экономикалық өсу бағдарламасы) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Бұл екі заң бір-бірімен байланысты, сондықтан бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр.

Құрметті әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заңдар бойынша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер және отырысқа шақырылғандар! Назарларыңызға «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді («Экономиканың инклюзивті және орнықты өсуі» даму саясатын қаржыландыруға арналған екінші қарыз) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және «Қазақстан Республикасы мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Инклюзивті және орнықты экономикалық өсу бағдарламасы) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Аталған екі заңның да негізгі мақсаты ортақ, ол – жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет тапшылығын уақытылы қаржыландыру және мемлекеттің халық алдындағы барлық әлеуметтік және экономикалық міндеттемелерін үздіксіз қамтамасыз ету болып табылады.

Қаржылық шарттарға тоқталатын болсақ, екі халықаралық қаржы ұйымымен де келісімдер өте ұқсас әрі тиімді негізде жасалған. Мәселен, Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкінен тартылатын қарыз сомасы 62,3 миллиард жапон йенін құраса, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінен тартылатын екінші қарыз сомасы 92,3 миллиард жапон йеніне тең. Екі келісім бойынша да қаржыландыру шарттары бірдей, атап айтқанда, қарыздар 5 жылдық жеңілдік кезеңін қоса алғанда 11 жылдық мерзімге беріледі. Несиенің пайыздық мөлшерлемесі халықаралық TONA нарықтық ставкасына негізделген. Ал банктің қызметі мен ақшаның пайдаланылмаған бөлігі үшін төленетін комиссия көлемі

несие сомасының небәрі 0,25 пайызын ғана құрайды. Бұл ретте аталған қарыздарға қызмет көрсету мен оларды өтеу шаралары алдағы жылдардың республикалық бюджетінде көзделетін қаражат есебінен Қаржы министрлігі тарапынан жүйелі түрде жүзеге асырылатын болады.

Заңдарды қабылдаудың нәтижесінде мемлекетіміз ағымдағы жылдың бюджет тапшылығын тиімді жауып, экономиканың өсуін қолдау бағдарламаларын кедергісіз жалғастыруға толық мүмкіндік береді. Осылайша 2026 жылға арналған республикалық бюджет шеңберінде мемлекеттің өзіне қабылдаған барлық міндеттемелерінің толық орындалуы қамтамасыз етіледі.

Заңдар жұмыс тобының отырысында, комитет отырысында, комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты қаралып талқыланды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен заңдардың тұжырымдамалары бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Қаржы және бюджет комитеті «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді («Экономиканың инклюзивті және орнықты өсуі» даму саясатын қаржыландыруға арналған екінші қарыз) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Қазақстан Республикасы мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Инклюзивті және орнықты экономикалық өсу бағдарламасы) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заңдар бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Алтынбек Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігінің өкіліне арналады.

Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкімен келісімде «бағдарламаны қолдау үшін қаржыландыруды ұсыну мақсатындағы келісім» деп анықталған. Оның бірінші қосымшасында қарыз алушы қабылдаған іс-қимылдар бойынша үш бағыт көрсетілген. Бірінші – неғұрлым экологиялық және тиімді энергетиканы дамыту, екінші – цифрлық және қаржы нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру және сатып алудың ашық практикасын ілгерілету, үшінші – халықтың кедей тобын қорғау және дамуды қолдау деп көрсетіліп, олардың атқарылуы туралы ақпараттар берілген. Сонымен бірге мұндай шарттар Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкімен жасалған келісімде де қарастырылып, келісімнің мақсаты ретінде энергетика және су ресурстарын басқару саласындағы климаттық саясат пен институционалдық реформалар арқылы экологиялық және орнықты экономикаға көшуді қолдау белгіленген. Осыған орай мынадай сұрақтар туындайды.

Келісімдер шеңберінде тартылып отырған қаражаттар бүгінге дейін Қазақстан тарапынан қабылдаған іс-шараларды одан әрі жалғастыруға бағытталады ма, әлде экономиканың инклюзивті және орнықты өсуін қалыптастыру бойынша жаңа іс-қимылдар

қаржыландырылады ма және олар экономиканың қандай бағыттарын қамтитын болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қаржы вице-министрі Кеңбеил Дәурен Маратұлы, жауап беріңіз.

КЕҢБЕИЛ Д.М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Алтынбек Нухұлы, сұрағыңызға рақмет. Шынымен де осы келісімдер бойынша Үкімет атқарып жатқан реформалар және сіз атап өткен үш бағыттағы реформалар осы келісімдердің негізі болып табылады. Осы реформалардың атқарылу нәтижесі қаражатты беруге негіз болып табылады.

Қарыздың қандай мақсаттарға жұмсалатынын айтатын болсақ, Бекболат Серікбекұлы өзінің баяндамасында айтқандай қарыз сомасы ағымдағы жылдың бюджет тапшылығын қаржыландыруға бағытталады. Осы келісімдер, осы қарыздар біздің Үкіметтің реформаларын қолдайды және бюджетіміздің тапшылығын қаржыландыруға бағытталатын болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өкіліне.

Екінші қарыз «экономиканың инклюзивті және тұрақты өсуі» даму саясатын қаржыландыруды көздейді. Осыған байланысты менің бірқатар сұрақтарым бар.

Осы қарызды тарту бюджеттің сыртқы қарыздарға тәуелділігін төмендетудің ұзақ мерзімді стратегиясына қаншалықты сәйкес келетіндігін бағалау жүргізілді ме және мұндай тәуелділікті қысқартудың нысаналы көрсеткіштері қандай? Рақмет.

ТӨРАҒА. Дәурен Маратұлы, жауап беріңіз.

КЕҢБЕИЛ Д.М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Жанболат Әкебайұлы, сұрағыңызға рақмет.

Әрине, сырттан тартылатын қарыздарды, іштен тартылатын қарыздарды алудың алдында біз зерделейміз, бағалаймыз. Осы екі келісімшартты жасардың алдында бағалау жасалды және бұл қарыздардың біздің бюджетімізге, борыш саясатымызға ықпалы аз деген ойға келдік. Себебі бұл қарыздардың ұзақ мерзімділігі, жеңілдетілген шарттары және жеңілдік кезеңі бар, сондықтан бұл қарыздардың жалпы экономикаға ықпалы өте аз.

Қандай көрсеткіштер деген сұрағыңызға біздегі бірнеше көрсеткішті атап кетуге болады. Біріншіден, бұл қарыздар біздің бюджет тапшылығын қаржыландыруға бағытталғандықтан мақсатымыз осы бюджет тапшылығының көрсеткіштерін қысқарту. Егер биылғы жылы біздің бюджет тапшылығымыз жалпы ішкі өнімге шаққанда 2,5 пайыз болса, келесі жылы біз бұл көрсеткішті жалпы ішкі өнімге шаққанда 1,7 пайыз деп жоспарлап отырмыз және 2028 жылы бұл көрсеткішті 0,9 пайызға бағалап отырмыз.

Біздің басқа да көрсеткіштеріміз бар. Жалпы ішкі өнімге шаққанда біздің борышымыздың шекті көрсеткіші 32 пайыздан аспау керек. Бүгінгі таңда біздің жалпы қарызымыз жалпы ішкі өнімге шаққанда 20 пайыз. Егер тек қана сыртқы қарызды айтатын болсақ, оның көрсеткіші жалпы ішкі өнімге шаққанда 4,5 пайыз, яғни 17 миллиард теңгені құрап отыр. Сондықтан бұл көрсеткіштердің барлығы біздің шектердің ішінде, ешқандай тәуекелдері жоқ деп айтуға болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Бекболат Серікбекұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, заңдарды талқылауға көшейік. Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді («Экономиканың инклюзивті және орнықты өсуі» даму саясатын қаржыландыруға арналған екінші қарыз) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Енді «Қазақстан Республикасы мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Инклюзивті және орнықты экономикалық өсу бағдарламасы) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Осы мәселелер бойынша шақырылған әріптестерге рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі екі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Топырақты қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне топырақты қорғау, жер қатынастары және агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл екі заң бір-бірімен байланысты, сондықтан бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр.

Құрметті әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заңдар бойынша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Кузиев Закиржан Пирмухамедовичке беріледі.

КУЗИЕВ З.П. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық еткен «Топырақты қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне топырақты қорғау, жер қатынастары және агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын ұсынамыз.

Аталған заңдар топырақты қорғау саласында жүйелі мемлекеттік саясатты қалыптастыруға, оны тиімді пайдалануға, құнарлылығын сақтауға және тозудан қорғауға бағытталған.

Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы саласына түбегейлі өзгерістер қажет болып отыр. Топырақ қайта қалпына келмейтін ресурс және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі мен тәуелсіздігінің негізі. Топырақтың жағдайына агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақтылығы, ауылдық аумақтардың дамуы және азаматтарымыздың әл-ауқаты тікелей байланысты. Халықаралық сарапшылардың айтуынша, климаттың өзгеруі мен адам әрекетінің салдарынан еліміздің көптеген өңірлерінде жердің деградациясы күшейіп, жердің шөлге айналу қатері артып отыр. Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметіне сәйкес зерттелген 53,5 миллион гектар жердің 2,7 миллион гектары деградацияға ұшыраған. Бұл көрсеткіштер мәселенің тек экологиялық сипатта ғана емес, елдің экономикалық дамуы мен ұлттық қауіпсіздігінің негіздеріне әсер ететін жүйелі қауіп екенін көрсетеді.

Вместе с тем необходимо отметить, что действующие нормы Земельного и Экологического кодексов носят разрозненный характер, не обеспечивают системного подхода и не работают как единый механизм. Сегодня почва фактически не рассматривается как отдельный объект регулирования. Отсутствуют единые правила ее сохранения, нет системного мониторинга и эффективного механизма защиты от деградации.

Важно отметить, что почва — это не просто часть земли, а сложная биологическая система и основа всей экосистемы в целом. Ее состояние напрямую связано с климатом, водными ресурсами и биоразнообразием. Именно почва первой сигнализирует о негативных процессах, таких как эрозия, засоление, истощение и загрязнение.

При этом роль науки в этой сфере остается недооцененной. Между тем именно научные исследования позволяют глубже понять процессы, происходящие в почвах, эффективно управлять земельными ресурсами, прогнозировать изменения и обеспечивать устойчивое развитие аграрного сектора.

Более того, научные данные дают возможность моделировать будущее состояние почв под воздействием климатических изменений, что особенно важно для регионов с уязвимой экосистемой.

Без опоры на науку любые меры будут носить краткосрочный и ограниченный характер.

Предлагаемый закон направлен на устранение этих пробелов и формирование целостной государственной политики в сфере охраны почв. В частности, закон предусматривает:

установление единых понятий и общих принципов государственной политики в сфере охраны почв;

четкое разграничение полномочий государственных органов;

внедрение системы комплексного мониторинга состояния почв;

установление обязательных требований к собственникам земельных участков и землепользователям по сохранению и восстановлению плодородия;

усиление научного обеспечения, включая проведение почвенных исследований, агрохимического анализа и внедрение современных технологий рационального землепользования.

Важно подчеркнуть, что принятие отдельного закона об охране почв соответствует мировой практике. В странах Европейского союза действует рамочное регулирование в данной сфере, а многие государства, такие как Германия, Нидерланды, Кыргызстан, Узбекистан и другие, имеют национальные законы о защите почв.

Предлагаемый закон не дублирует действующие кодексы, а систематизирует и развивает их положения, устраняя существующие правовые пробелы.

Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам охраны почв, земельных отношений и агропромышленного комплекса» разработан для того, чтобы привести действующее законодательство, в частности Земельный кодекс и Закон «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий», в соответствие с настоящим законом.

Принятие данных законов позволит:

повысить эффективность государственного управления в сфере охраны почв;

обеспечить сохранение и воспроизводство плодородия;

снизить темпы деградации почв;

создать условия для устойчивого развития агропромышленного комплекса;

укрепить продовольственную безопасность страны.

Құрметті депутаттар, құрметті әріптестер! Бұл жай ғана кезекті заңды қабылдау туралы емес, бұл еліміздің болашағы мен келер ұрпақтың өмір сүру деңгейіне тікелей әсер ететін стратегиялық ресурсты сақтау мәселесі.

Жоғарыда айтылған нормалар жұмыс тобының, комитеттің және комитеттің кеңейтілген отырыстарында барлық мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қатысуымен жан-жақты талқыланды. Заңдар бойынша Сенаттың тұрақты комитеттерінен ұсыныстар мен ескертулер түскен жоқ.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті «Топырақты қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне топырақты қорғау, жер қатынастары және агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымды мақұлдауды ұсынады.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.
Құрметті әріптестер, заңдар бойынша сұрақтарыңыз бар ма?
Сөз депутат Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.
Менің сұрағым Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкіліне.
Қаралып отырған заңға сәйкес топырақтың сапалық жай-күйін бағалау нәтижелері жер пайдаланушылардың міндеттемелерін орындауын бақылау кезінде ескерілетін болады. Сонымен қатар топырақтың құнарлылығының төмендеуі анықталған жағдайда жер пайдаланушыға жағдайды түзету үшін белгілі бір мерзім беріледі, ал талаптар орындалмаған жағдайда жер учаскесін қайтару мәселесі қаралуы мүмкін. Осыған орай келесідей сұрақтар туындайды.
Топырақ сапасының нашарлауына нақты жер пайдаланушының әрекеттері себеп болғанын анықтау қандай тәртіппен жүзеге асырылады? Себебі оған табиғи-климаттық факторлар да әсер етуі мүмкін. Жер учаскесінен айырылу қаупі болған жағдайда агрохимиялық зерттеу нәтижелерін бұрмалау немесе көрсеткіштерді жасанды түрде жақсарту тәуекелдерін болдырмау үшін қандай бақылау тетіктері көзделген? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Сұлтанов Азат Сиражиддинұлы, жауап беріңіз.

СҰЛТАНОВ А.С. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар!
Құрметті Мұрат Болатұлы, қарастырылған заң жобасы бойынша әр жер учаскесіне паспорт жасаймыз немесе заң жобасында көрсетілген нормаларға сәйкес ақпараттық жүйеде жер учаскесінің сипаттамалары көрсетілетін болады. Ол біріншіден.
Екіншіден, жер сапасының төмендеу фактілері анықталған болса тексеріс жүргіземіз. Ол тексеріс барысында жер инспекторы қандай себептер болғанын қарайды. Ұтымды немесе ұтымсыз пайдаланды ма, минералды тыңайтқыштар бар ма, егістік айналымы болды ма деген сияқты барлық фактілерді тексеріп, сосын шешім қабылдайтын болады. Әрине, климаттық, яғни ауа райы жағдайлары ескерілетін болады.
Екінші сұрақ бойынша айтсақ, бізде агрохимиялық зерттеулерді тек қана аккредиттелген зертханалар жүргізетін болады. Өзіңіз білетіндей, енді «ЖерЗҚЖЖМИ» РМК-нің осы аккредиттелген зертханаларды тексеруге құқығы болады. Ол заң жобасында қарастырылған. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.
Сөз депутат Шайдаров Серік Жаманқұлұлына беріледі.

ШАЙДАРОВ С.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің сұрағым Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкіліне жолданады. Заң жобасының 17-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында фермерлердің жекелеген ауыл шаруашылығы дақылдары мен бөтен текті өсімдік түрлерін өсіру қызметіне шектеу қою немесе тыйым салу мүмкіндігі көзделген. Алайда заңның ұғымдар аппаратында «бөтен текті түр» ұғымына анықтама берілмеген. Іс жүзінде бұл ұғымның аясына өнімділікті арттыру мақсатында аграршылар шет елден сатып алатын кез келген жоғары өнімді тұқымдарды жатқызуға болады. Сұрақ осыған байланысты.

Тыйым салынатын дақылдардың тізбесін кім және қандай нақты өлшемшарттардың негізінде айқындайды? Бұндай нақты айқындалмаған норма жергілікті жерлерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындатып, агробизнеске қысым көрсету құралына айналып, соның салдарынан еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төндіреді деп есептемейсіздер ме? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

СҰЛТАНОВ А.С. Сұрағыңызға рақмет.

Құрметті Серік Жаманқұлұлы, дұрыс айтасыз, заң жобасында тыйым қарастырылған. Бұл тыйым тек топырақты агрохимиялық зерттеудің негізінде салынатын. Өзіңіз білетіндей, әлемдегі басқа дақылдарды «чужеродные» деп айтамыз ғой, енді қазіргі уақытта диқандар осындай дақылдарды бізге әкеліп өндіретін болатын. Мысалы, осы жылы қарасора өндіру нормаларын бекіттік. Оны бөтен тек (чужеродный) деп айтуға болады. Оларға зиян болмау үшін қазіргі уақытта осы нормада ұсындық.

Бізге бірнеше рет көксағыз өндіруге ұсыныс келіп түсті. Өзіңіз білетіндей, биологиялық сипаттамалары бойынша көксағыз арамшөпке жатады. Егістік жерлерге, топыраққа зиян келтірмеу үшін осы нормада ұсындық.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Закиржан Пирмухамедович. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңдарды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған «Топырақты қорғау туралы» Заң еліміздің табиғи ресурстарын сақтау, ауыл шаруашылығы жерлерінің өнімділігін арттыру және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы маңызды құқықтық құжат болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда жел және су эрозиясы, тұздану, шөлейттену, органикалық заттардың азаюы, жайылымдардың тозуы сияқты топырақтың деградациясына алып келетін факторлар көбейіп отыр. Бұл үрдіс ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігіне ғана емес, экологиялық тұрақтылыққа, жер ресурстарының сапасына және тұрғындарды сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етуге кері әсерін тигізуде.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, сіздің тапсырмаңызбен бекітілген Сенаттың заң шығару жұмысының жоспарына сәйкес Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті өз міндеттемелерін толық атқарып шықты деп баяндағым келеді.

Жалпы, сегізінші шақырылым барысында комитет депутаттарының бастамасымен аграрлық саланы, экологиялық ахуалды кешенді реттеуге бағытталған бірқатар заңдар өмірге келді. Солардың ішінде «Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы» Заң органикалық егіншілікті дамыту арқылы топырақтың табиғи құнарлығын сақтауға, химиялық жүктемені азайтуға және табиғи ресурстарды басқарудың орнықты жүйесін қалыптастыруға бағытталған маңызды нормативтік құжат болды. Сонымен қатар жайылымдық жерлерді ұтымды пайдалануға, олардың тозуын төмендетуге, мал жаю жүктемесін ғылыми негізде реттеуге және деградацияланған жерлерді қалпына келтіруге негізделген «Жайылымдар туралы» Заң қабылданды. Сондай-ақ «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңға құнды топырақ жамылғысын сақтау және табиғи ландшафтардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нормалар енгізілген болатын. Осылайша Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті депутаттарының бастамашылығымен жасалған «Топырақты қорғау туралы» Заң жоғарыда аталған заңдардың логикалық жалғасы болып табылатын және елімізде топырақты қорғау саласындағы құқықтық негіздерді толық қалыптастыратын дербес заң болайын деп отыр.

Заңдағы маңызды новеллалардың бірі – топырақты қорғау жөніндегі іс-шаралардың толық жүйесін заң деңгейінде бекіту. Оның ішінде агрохимиялық және мелиорациялық зерттеулер жүргізу, бонитеттеу, мониторинг ұйымдастыру, топырақ қорғау технологияларын енгізу, тыңайтқыштарды ғылыми негізде пайдалану шаралары қарастырылған. Бұдан бөлек заң ғылыми зерттеулерді дамытуға, цифрлық технологияларды, қашықтықтан зондтау құралдарын және заманауи мониторинг жүйелерін кеңінен пайдалануға құқықтық негіз қалайды. Бұл жер ресурстарын басқарудың тиімділігін арттырып, топырақтың сапасын уақытылы бағалауға мүмкіндік береді. Бір сөзбен айтқанда, «Топырақты қорғау туралы» Заң аграрлық сектордың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды әрі жүйелі заңнамалық бастама болып табылады.

Құрметті әріптестер, осыған байланысты қаралып отырған заңдарды қолдап, мақұлдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Топырақты қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне топырақты қорғау, жер қатынастары және агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірменді әріптестер! Бүгінгі талқыланып отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне топырақты қорғау, жер қатынастары және агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарауды күн тәртібіне енгізуді сұраймын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған әріптестер, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер және отырысқа шақырылғандар! Сіздердің назарларыңызға Парламент депутаттары бастамашылық жасаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Заңның мақсаты нотариат туралы заңнаманы жетілдіру, нотариаттық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыру, нотариаттық іс-әрекеттерді жасау кезінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету және нотариаттық қызметтердің сапасын арттыруға жағдай жасау болып табылады.

Заңда келесідей тұжырымдамалық ережелер көзделген:

нотариат қызметіне бақылауды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінен алып тастап, оны салалық заң – «Нотариат туралы» Заңда регламенттеу;

Азаматтық процестік кодекске мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектордың сатып алуы туралы шарттар негізінде атқарушылық жазбаларды жасау тек

бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен соттар арқылы жүзеге асырылатынын көздейтін толықтыру енгізіледі. Қазіргі уақытта мұндай атқарушылық жазбаларды өндіріп алу сомасына қарамастан нотариустар жасайды;

Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйеде атқарушылық жазбаны жасау туралы өтініштерді нотариустар арасында автоматты түрде бөлу тетігін енгізу көзделеді. Атап айтқанда, заң қабылданғаннан кейін атқарушылық жазбаны жасау туралы өтініш нотариустар арасында автоматты түрде бөлінетін болады. Бұл тәсіл атқарушылық жазбаны жасау процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге, нотариустар арасындағы жүктемені тең бөлуге, сондай-ақ мүдделілік пен алдын ала уағдаластық фактілерін болдырмауға бағытталған;

атқарушылық жазбаны тек борышкердің тіркелген жері бойынша жасау талабы бекітіледі;

нотариустардың лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру және лицензиядан айыру негіздерін кеңейту арқылы олардың жауапкершілігі күшейтіледі;

нотариат институтын цифрландыру мақсатында электрондық нысандағы нотариаттық құжаттарды орталықтандырылған түрде жинауға, сақтауға және есепке алуға арналған бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде нотариаттық цифрлық архив туралы норма енгізіледі;

нотариустың жақын туыстары басшы, құрылтайшы немесе акционер болып табылатын заңды тұлғаларға қатысты нотариаттық іс-әрекеттерді жасауға шектеулер белгіленеді;

Республикалық нотариаттық палатаның, аумақтық нотариаттық палаталардың төрағаларының, сондай-ақ тәртіптік комиссиялар төрағалары мен мүшелерінің өкілеттік мерзімі бір рет қайта сайлану құқығымен төрт жыл болып шектеледі;

мемлекет кепілдік берген заң көмегінің түрлері адвокаттар мен заң консультанттарының конституциялық іс жүргізуде азаматтардың заңды мүдделеріне өкілдік етуімен толықтырылады. Бұл шара конституциялық іс жүргізу шеңберінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге мүмкіндік береді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінің заң тұжырымдамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Сенат Регламентінің 58-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован представителю Министерства юстиции.

Уважаемая Ботагоз Шаймардановна, рассматриваемым законом предлагается установить, что председатель и члены дисциплинарной комиссии нотариальной палаты избираются сроком на четыре года. При этом один и тот же человек может быть председателем комиссии только один раз. Сейчас председатель нотариальной палаты также избирается на четыре года, но может занимать эту должность два срока подряд. Таким образом закон вводит более жесткое ограничение.

Исходя из этого, у меня вопросы.

Какие проблемы в действующей системе призваны решить эти изменения?

Есть ли официальная статистика, подтверждающая необходимость таких ограничений?

Какие риски – правовые, коррупционные или организационные – планируется снизить благодаря этим изменениям? Спасибо.

ТӨРАҒА. Әділет вице-министрі Жақселекова Ботагөз Шаймарданқызы, жауап беріңіз.

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. Благодарю за вопросы.

Действительно, с 2001 года в законодательстве не было предусмотрено ограничений по пребыванию в должности председателя Республиканской нотариальной палаты, территориальной нотариальной палаты, дисциплинарных комиссий.

В 2018 и 2021 годах приняты определенные корректировки в этой части. Однако, несмотря на принятые поправки, редакции 2018 и 2021 годов позволили им повторно быть избранными на указанные должности. По факту мы имеем, что в большей части регионов это лица, которые продолжительное время занимают эти позиции, в отдельных случаях срок их полномочий и занятия в должности по настоящее время достигает 26-28 лет бессменно.

В связи с этим была принята и поддержана Министерством юстиции поправка депутатов Мажилиса Парламента о том, чтобы ограничить пребывание в должности четырехлетним сроком однократно.

Какие последствия мы ожидаем от принятого решения?

Во-первых, на наш взгляд, это обеспечит реальную сменяемость кадров руководящего состава, исключит определенные коррупционные риски, поскольку эти лица принимают решения о возбуждении дисциплинарных производств, направлении их на приостановление, лишение лицензии и так далее.

Те нарушения, которые выявлены Генеральной прокуратурой, свидетельствуют о том, что со стороны территориальных палат вовремя не было принято соответствующих мер. Поэтому мы полагаем, что такая поправка позволит нам решить определенные организационные вопросы в этом плане. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Әділет министрлігінің өкіліне.

Әділет министрлігінің анықтамалық материалдарына сәйкес айтсақ, соңғы жылдары жекелеген нотариустардың заңсыз әрекеттерінен зардап шеккен азаматтардың саны артып түсіп жатыр. Атап айтқанда, прокурорлар атқарушылық жазбаларды жасау кезінде тіпті жүйелі бұзушылықтардың орын алғанын жеткізіп те жатыр.

Құрметті Ботагөз Шаймарданқызы, осыған байланысты өзіңізге бірқатар сұрақтарым бар.

Бірінші. Еліміздегі қазіргі нотариустар саны азаматтар мен бизнестің, соның ішінде өңірлер мен ауылдық жерлердің қажеттіліктерін қамтамасыз етуге жеткілікті ме?

Екінші. Атқарушылық жазбаларды жасау кезіндегі бұзушылықтарды болдырмау үшін мемлекеттік реттеудің қандай қосымша шараларын енгізу жоспарлануда? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ботагөз Шаймарданқызы, жауап беріңіз.

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. Сұрағыңызға рақмет.

Қазіргі уақытта республика бойынша 4 мың 900 нотариус қызмет атқарады. Жалпы, барлық аймақ нотариаттық қызметпен қамтылған, бірақ жеке нотариус жоқ елді мекендерде ауыл әкімдері заңнамаға сәйкес жекелеген нотариаттық әрекеттерді жасай алады.

Что касается исполнительной надписи, то действительно это большой комплекс вопросов, который мы совместно с депутатами реализовали в проекте закона. В частности, на уровне закона предусмотрена обязательность предоставления документов по признанию долга, тем самым усиливаются требования по бесспорности совершения исполнительной надписи.

Кроме того, при совершении исполнительной надписи появляется оговорка о том, что должник вправе в судебном порядке обжаловать отказ нотариуса в отмене исполнительной надписи.

Также принимается ряд мер технического характера, в частности, будет доработана информационная система. Теперь методом автоматизированного распределения между нотариусами будут распределяться исполнительные надписи, которые касаются микрофинансовых, микрокредитных организаций.

Кроме того, внедрен принцип обязательного соблюдения территориальности, то есть совершение исполнительной надписи может быть только тем нотариусом, который отнесен к тому нотариальному округу, где указан адрес должника по системе «eGov». Уже в пилотном порядке мы запустили SMS-оповещение, то есть в случае совершения исполнительной надписи должник будет уведомлен об этом.

Полагаем, что комплекс этих мер, в том числе системных, на уровне закона позволит нам решить те проблемы, которые были отмечены в представлении Генеральной прокуратуры. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Советбек Тұрсынұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Бекназаров Нұрлан Құдияұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Нотариат саласы азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін және білікті заң көмегін көрсететін құқықтық жүйенің маңызды бөлігі болып табылады. Нотариустардың қызметі сот істерінде қосымша дәлелдеуді талап етпейтін заңдық күші бар құжаттарды рәсімдеумен, оның ішінде азаматтардың мүліктік құқықтары, жеке деректерінің қорғалуы және басқа да заңды мүдделердің сақталуымен тікелей байланысты.

Республикалық нотариаттық палатаның мәліметіне сәйкес 2025 жылы елімізде 4 мың 691 нотариус қызмет атқарып, 11 миллион 300 мыңнан астам нотариаттық іс-әрекет жасалған. Бұл нотариат қызметінің қоғам өмірінде маңызды орын алатынын және оған деген сұраныстың жоғары екендігін білдіреді.

Мемлекет басшысы айқындаған реформаларға сәйкес мемлекеттік және қоғамдық институттардың қызметін цифрландырудың, азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерінің тиімділігін арттырудың маңызы ерекше. Осы орайда бұл жүйені заман талаптарына бейімдеу, құқықтық реттеуді одан әрі жетілдіру, оның ашықтығын қамтамасыз ету мемлекетіміз үшін аса маңызды.

Нотариат қызметіне қатысты өзекті проблемалық мәселелер алдыңғы Сенат отырыстарында, комитет отырыстары мен өзге де алаңдарда көтеріліп, олар бойынша депутаттық сауалдар да жолданған болатын. Нәтижесінде осы заңды әзірлеу барысында алдында айтылған ұсыныстардың басым бөлігі қолдау тауып, осы заң нормаларында көрініс тапқанын атап өткім келеді.

Қаралып отырған заң нотариат саласындағы мемлекеттік бақылаудың және көрсетілетін қызметтің сапасын жақсартуға бағытталған. Мемлекет кепілдік берген заң көмегінің түрлері кеңейтіліп, азаматтарға конституциялық іс жүргізу шеңберінде заң көмегін көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар қызметті одан әрі автоматтандыру, ақпараттық қауіпсіздік деңгейін күшейту, сондай-ақ нотариаттық әрекеттерді жасау кезінде мүдделер қақтығысы мен үлестестікке алып келуі мүмкін жағдайлардың алдын алу көзделген. Атқарушылық жазбаны жасау рәсімін жетілдіру мақсатында нотариусқа міндетті түрде ұсынылатын борышты жазбаша мойындауға қатысты талаптар нақтыланды. Бұл мәселе қоғамда қызу талқылауға түскені өздеріңіз белгілі.

Тұтастай алғанда, ұсынылып отырған түзетулер нотариаттық қызметті реттеудегі бірыңғай мемлекеттік саясатты қамтамасыз етуге және нотариат жүйесінің айқындылығы мен есептілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мен қаралып отырған заңды қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Бекназаров Нұрлан Құдияұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарауға енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселелер бойынша комитеттердің отырыстарын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген алғашқы мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне топырақты қорғау, жер қатынастары және агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Кузиев Закиржан Пирмухамедовичке беріледі.

КУЗИЕВ З.П. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! На ваше рассмотрение вносится Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам охраны почв, земельных отношений и агропромышленного комплекса».

Основной целью закона является формирование современной и эффективной системы охраны почв, сохранение и восстановление плодородия, предотвращение ее деградации, а также совершенствование механизмов управления земельными ресурсами.

Законом предусматривается внесение изменений и дополнений в Земельный, Лесной и Экологический кодексы, а также в восемь законодательных актов Республики Казахстан.

В рамках закона предлагается:

совершенствование механизмов мониторинга качественного состояния земель сельскохозяйственного назначения;

усиление требований, направленных на сохранение и повышение плодородия почв;

предупреждение процессов деградации земель и опустынивания;

повышение ответственности землепользователей.

Одним из ключевых нововведений является систематизация правовых основ государственной политики в сфере охраны почв.

Особое внимание уделено вопросам оценки состояния почв, сохранения и восстановления почв на основе научных подходов, рационального использования сельскохозяйственных угодий и обеспечения экологической безопасности.

Ожидается, что принятие закона будет способствовать сохранению и восстановлению почвенных ресурсов, устойчивому развитию агропромышленного комплекса, повышению эффективности землепользования, укреплению продовольственной безопасности страны и сохранению земельного фонда для будущих поколений.

Рассматриваемый закон был одобрен Сенатом в первом чтении.

В ходе подготовки ко второму чтению предложений и замечаний от постоянных комитетов Сената не поступило.

Учитывая изложенное, Комитет по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий предлагает в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан одобрить Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам охраны почв, земельных отношений и агропромышленного комплекса». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Закиржан Пирмухамедович.

Құрметті әріптестер, заңды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеттілігі бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне топырақты қорғау, жер қатынастары және агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Осы заң бойынша шақырылған әріптестерге рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіне қосымша енгізілген келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Сенаттың отырысында қаралып, бірінші оқылымда мақұлданды.

Заңда мынадай маңызды жаңашылдықтар көзделген:

жеке нотариустың үй-жайынан тыс жерде нотариаттық әрекеттерді жасау тек тиісті нотариаттық округ шегінде шектеледі;

құқық белгілейтін құжаттар архивінің тұтастығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару және кепілге қою шарттарын куәландыру жылжымайтын мүлік орналасқан жер бойынша жүзеге асырылатыны туралы норма бекітіледі;

аутентификациялау тетіктерін қолдана отырып, өтініш берушінің жеке қатысуымен «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы нотариаттық әрекеттерді қашықтан жасау көзделеді;

жеке тұлғаларға өтініш берудің жазбаша және электрондық нысаны арасында таңдау құқығы беріледі, ал заңды тұлғалар үшін тек электрондық формат көзделеді;

борышкердің тек тіркелген жері бойынша атқарушылық жазба жасау ережесі бекітіледі;

азаматтардың тиісті хабардар болуын қамтамасыз ету мақсатында нотариустың борышкерге «электрондық үкімет» порталы арқылы жасалған атқарушылық жазба туралы уақытылы хабарлау және абоненттік нөмірге мәтіндік хабар жіберу міндеті бекітіледі.

Сенаттың тұрақты комитеттерінің заң бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағын басшылыққа ала отырып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Советбек Тұрсынұлы.

Құрметті әріптестер, заңды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Осы заң бойынша шақырылған әріптестерге рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Барлық жоспарланған мәселелерді қарадық. Депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Құрметті әріптестер! Бүгін Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының 30 жылдық тарихындағы соңғы отырысы өтті. Ертең палаталардың бірлескен отырысында кезекті сессиямыз ресми түрде жабылады. 1 шілдеден бастап халқымыздың кең қолдауын тапқан жаңа Ата заңға сәйкес Парламенттің өкілеттігі тоқтатылады. Тамыз айында бір палаталы Парламент – Құрылтайға сайлау өтеді. Осылайша 1995 жылғы Конституцияға негізделген қос палаталы Парламент өзінің 30 жылдық тарихи миссиясын абыроймен аяқтайтын болады. Бұл ел дамуының жаңа кезеңіне жол ашатын маңызды сәт.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен қабылданған жаңа Конституция бүкіл саяси жүйемізді жаңғыртып, елдің қарқынды дамуының негізі болатыны сөзсіз. Реформалардың басты мақсаты тәуелсіздікті күшейту, әділетті Қазақстан құру және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру екені белгілі. Сондықтан егемен еліміз әрі қарай да өсіп, өркендеп, жаңа белестерді бағындыра береді деп толық сенеміз. Ұлт мүддесін көздейтін өзгерістер бәрімізге баянды болсын, әріптестер.

Құрметті депутаттар, жалпы екі палаталы Парламент 30 жыл бойы үйлесімді әрі нәтижелі жұмыс істеді деп айтуға толық негіз бар. Парламент қабырғасында мемлекет тағдырын айқындаған тарихи шешімдер мен заңдар қабылданды. Бұл ретте Палата «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына табан тіреп жұмыс істеді. Соның аясында өзіне жүктелген конституциялық міндеттерді жауапкершілікпен және абыроймен атқарды. Осы кезеңде Сенаттың 890-нан астам жалпы отырысы өткізілген екен. Сол отырыстарда үш жарым мыңнан астам заң қабылданған. Олардың ішінде 350-ден астамына немесе әрбір оныншы заңға Парламент депутаттары бастамашылық жасағанын айта кеткен жөн.

Сенаттың тікелей талқылауынан өтіп, қабылданған заңдар Президенттің бастамасымен мемлекетіміздің жаңа саяси, экономикалық және фискалдық моделін қалыптастыруға негіз болды. Елімізде жүргізіліп жатқан әлеуметтік саясаттың да заңнамалық негізі қалыптасты. Сонымен қатар сот және құқық қорғау жүйелерін жетілдіру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кеңейту, заң үстемдігін орнықтыру мәселелеріне үнемі баса мән берілді.

Бүгінде барлық нормалар ел игілігіне жұмыс істеуде. Заң шығарумен қатар Палата түрлі форматтағы жиындар өткізіп, ел дамуына қажетті маңызды мәселелерді көтеріп отырды. Осы мақсатта 60-тан астам парламенттік тыңдау мен 3 мыңнан астам жоспарлы іс-шара ұйымдастырылды. Азаматтарымызды алаңдатқан мәселелер бойынша Үкіметке 3 мыңға жуық депутаттық сауал жолданып, шешу жолдары ұсынылды. Осы атқарылған жұмыс барысында сенаторлар әрдайым халықтың мүддесіне табан тіреп, мемлекетшілдік ұстанымнан айнығаны жоқ.

Жалпы, Сенат тарихында 246 азамат депутаттық мандатқа ие болды. Олардың әрқайсысы халық сенімін абыроймен ақтап, ұлттық парламентаризмді дамытуға өз үлестерін қосты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Сенат Төрағасы болып екі рет сайланғанын және Палатаны 10 жылға жуық уақыт бойы үлкен абыроймен басқарғанын ерекше мақтанышпен атап өтеміз. Сондай-ақ Өмірбек Байгелді, Әбіш Кекілбаев, Оралбай Әбдікәрімов, Қуаныш Сұлтанов, Зинаида Федотова сынды мемлекетшіл тұлғалар Сенатта қызмет атқарды. Жабайхан Әбділдин, Әділ Ахметов сияқты ғалымдарды, Халық Қаһармандары Ахат Күленов, Мұхтар Алтынбаев, Талғат Мұсабаев сияқты бірегей тұлғаларды да ерекше атап өтеміз.

Сенат өз қызметінде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын берік ұстана білді. Сенаторлар үнемі өңірлерге шығып, реформаларды түсіндіру мен халықты алаңдатқан мәселелерді анықтауға көңіл бөлді. Палата жанында Мәслихаттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес, Инклюзия жөніндегі кеңес және Сенаторлар кеңесі нәтижелі жұмыс істеді. «Өңір» депутаттық тобы мен «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобы және «Ұлттық мүдде» диалог алаңы да маңызды тетікке айналды. Парламентаризм тарихында алғаш рет Орнықты даму мақсаттарының іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссия құрылды. Үш жылдан астам уақыт ішінде парламенттік комиссия 12 нәтижелі отырыс өткізді.

Сенат халықаралық деңгейде 11 парламентаралық ұйымның белсенді серіктесіне айналды. Еліміздің ауқымды жаһандық бастамасы – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізу миссиясы да Сенатқа сеніп тапсырылды. Палата 20 жылдан астам уақыт бойы сегіз съезд бен хатшылық отырыстарын жоғары деңгейде ұйымдастырды. Осы орайда Сенат Үкіметпен, барлық мемлекеттік және жергілікті билік органдарымен, қоғамдық институттармен сындарлы және нәтижелі жұмысты жүргізді деп айта аламыз. Барлық қызметіміз ашық және транспарентті негізде атқарылды.

Құрметті әріптестер! Осылайша сенаторлар өзіне жүктелген миссияны толық орындауға бар күш жігерін жұмсады.

Осы тарихи сәтте ең алдымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа өзімнің және барша сенаторлардың атынан бізге артқан жоғары сенімі, реформаларды бірлесе жүзеге асыруға берген зор мүмкіндігі және тұрақты қолдауы үшін үлкен ризашылығымызды білдіреміз.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Сенаторлар Президентке, мемлекетшілдік қағидатына, заң үстемдігіне және халық алдындағы жауапкершілікке әрдайым адал болып қала береді. Өйткені ел дамуының жаңа кезеңіне қадам басып жатқан қазіргідей жауапты сәтте әділетті Қазақстан құру және жаңа Конституцияны іске асыру жолында барлық сындарлы күштің Президенттің айналасына топтасуы аса маңызды. Осы жолда қоғамымыз бекем бірлік пен жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетеді деп сенеміз. Сонымен қатар ел игілігі жолында аянбай еңбек еткен барлық депутат әріптестеріме де алғыс айтамын.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Сондай-ақ заң шығару процесін жоғары деңгейде қамтамасыз етіп, барлық міндетті мүлтіксіз орындаған Аппарат қызметкерлеріне ерекше ризашылығымызды білдіреміз.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Палатаның нәтижелі жұмыс істеуіне үлкен еңбек сіңірген Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының ұжымына да алғыс айтамын.

Парламенттің тыныс-тіршілігін халыққа жедел әрі шынайы жеткізіп, билік пен қоғам арасында ашық диалогты орнатуға зор үлес қосқан бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне, журналистер қауымына да ризашылығымыз шексіз.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер! Алдымызда жаңа кезең, ауқымды әрі жоғары міндеттер тұр. Парламенттің 30 жылдық бай тәжірибесін қабылдап, жаңа форматта, жаңа мәртебеде жұмысын бастайтын Құрылтайдың алдағы қызметіне сәттілік тілейміз.

Еліміздің болашағы баянды, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын. Бәріміз сол үшін аянбай еңбек ете берейік.

Баршаңызға мықты денсаулық, толайым табыс, отбасыларыңызға амандық тілеймін.

Құрметті әріптестер, тәуелсіз Қазақстанымыз қарқынды дами берсін!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Осымен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының соңғы отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 29 маусым

Күн тәртібі бойынша
О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігінің және Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі мен Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі резиденцияларының мұқтаждықтары үшін Астана қаласы мен Бішкек қаласындағы ғимараттарды және жер учаскелерін өзара өтеусіз пайдалануға беру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Кабинетом Министров Кыргызской Республики о взаимном предоставлении в безвозмездное пользование зданий и земельных участков в городе Астане и городе Бишкеке для нужд Посольства Республики Казахстан в Кыргызской Республике и Посольства Кыргызской Республики в Республике Казахстан, а также резиденций Чрезвычайного и Полномочного Посла Республики Казахстан в Кыргызской Республике и Чрезвычайного и Полномочного Посла Кыргызской Республики в Республике Казахстан», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Ғ.Т. САРЫБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности САРЫБАЕВА Ғ.Т. 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері туралы келісімге 2006 жылғы 4 қыркүйектегі Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений и дополнений в Протокол к Соглашению между Правительством Республики Казахстан и Правительством Республики Узбекистан о пунктах пропуска через казахстанско-узбекскую

государственную границу от 4 сентября 2006 года», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі А.Г. САТВАЛДИЕВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности САТВАЛДИЕВА А.Г. 3

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді («Экономиканың инклюзивті және орнықты өсуі» даму саясатын қаржыландыруға арналған екінші қарыз) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о займе (Второй заем на финансирование политики развития «Инклюзивный и устойчивый рост экономики») между Республикой Казахстан и Международным Банком Реконструкции и Развития», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасы мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Инклюзивті және орнықты экономикалық өсу бағдарламасы) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о займе (Программа инклюзивного и устойчивого экономического роста) между Республикой Казахстан и Азиатским Банком Инфраструктурных Инвестиций», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.С. ОРЫНБЕКОВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по финансам и бюджету ОРЫНБЕКОВА Б.С. 5

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НУХҰЛЫ А. 6

КЕҢБЕИЛ Д.М. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, вице-министр финансов Республики Казахстан 7

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. 7

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Топырақты қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «Об охране почв», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне топырақты қорғау, жер қатынастары және агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам охраны почв, земельных отношений и агропромышленного комплекса», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі З.П. КУЗИЕВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий КУЗИЕВА З.П. 9

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ҚАДЫРБЕК М.Б. 11

СҰЛТАНОВ А.С. – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі, вице-министр сельского хозяйства Республики Казахстан.....11

ШАЙДАРОВ С.Ж. 11

СҰЛТАНОВ А.С. 12

БЕКТАЕВ Ә.Ә. 12

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам нотариальной деятельности и юридической помощи», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі С.Т. МЕДЕБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам МЕДЕБАЕВА С.Т. 14

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЛУКИН А.И. 15

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. – Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі, вице-министр юстиции Республики Казахстан 16

ШИПОВСКИХ Г.Г. 16

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. 17

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. 18

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне топырақты қорғау, жер қатынастары және агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам охраны почв, земельных отношений и агропромышленного комплекса», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (второе чтение)

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі З.П. КУЗИЕВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий КУЗИЕВА З.П. 19

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам нотариальной деятельности и юридической помощи», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (второе чтение)

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі С.Т. МЕДЕБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам МЕДЕБАЕВА С.Т. 21

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК директорының
міндетін атқарушы Б. Сағын

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК
Стенографиялау қызметінің басшысы Г. Молдашева